

Ж. Қасымбаев

Кенесары Қасымов



аруна
Б А С П А С Ы

ББК 63.3 (қаз)

Қ 45

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Қ 45 Қасымбаев Ж.

Кенесары. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна» баспасы.
2005. – 92 бет. («Шығыстың ұлылары» топтамасы)

ISBN 9965 – 26 – 053 – 2

«Аруна» баспасы «Шығыстың ұлылары» деген топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда қазақтың соңғы ханы, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Кенесары Қасымовтың өмір жолы суреттелген. Шығарма балалардың танымына лайық, жеңіл, қарапайым тілмен жазылған.

ББК 63.3 (қаз)

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

Қ 0503020905
00 (05) – 05

ISBN 9965 – 26 – 053 – 2

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005

Мазмұны

Жастық шақ.....	5
Эреуілшілер.....	13
Алғашқы сын.....	19
Сақтық Жасағанның сағы сынбас.....	23
Бауырлар қазасы.....	27
Кек.....	30
Абылай хан салған сара жолмен.....	32
Халық таңдауы.....	38
Қоқан қамалдарына шабуыл.....	44
Алғашқы жеңістер.....	49
Ауыр шешім.....	55
Дүшпандар әрекеті.....	64
Қара қазан, сары бала қамы үшін.....	69
Алатау баурайында.....	74
Ақталмаған үміт.....	77
Қандастар қырғыны.....	81
Кенесары қазасы.....	86

Сығи өткен уақытпен ілесе, арындай
басып ХІХ ғасыр да жетті. Заыстың ірі
империялары Шығыстағы жер үшін бір-
бірімен алауыз болып тұрған кез. Азияның
ұшан-теңіз жерінің біраз бөлігі Ресей
империясының кең қанатының астында
қалған еді. Бірақ ұшы-қиыры жоқ дала
төсінде әлі де болса қазақ тайпалары өз
еркіндігін сақтап, алаңсыз көшіп-қонып жүрді.
Бұл жағдай патшалық үкіметтің орталығы
Санкт-Петербургтегі шенеуніктердің
көңіліне жақпады. Олар қазақ даласын
базындырып, бостандығынан айырып, өз
билігін нығайту үшін жыл сайын дүркін-дүркін
шабуыл жасап отырды.



Жастық шақ

Әұл 1802 жыл еді. Шыңғыс хан ұрпағы Қасым төренің ауылынан жан-жаққа хабаршылар тарады – төренің әйелі ұл туыпты. Көрші ауылдың адамдары шауып келе жатқан салт аттыны көріп:

– Әй, мынау кім? Жүрісі суыт, жақсы хабар болғай, – деп үрпиісіп қалды. Анадайдан ат басын тартпай келіп қалған хабаршы жақындай бере:

– Сүйінші! Сүйінші! – деп қуанышты дауыспен айқайлап жіберді. Не күтерін білмей отырған топ орындарынан өре тұрып, жүздері жадырап қоя берді.





– Әп, бәрекелді, аузыңа май, қарағым! – деді орталарындағы Бейсебай қария. – Не сүйінші ол, шырағым?

– Қасым төре нәрестелі болып жатыр, қария.

– Пәлі, не тапты? Тақия тігер ме, тізгін ұстар ма?

– Төре тұқымында тағы бір сұлтан дүниеге келді!

– Бәрекелді, нәресте аман болсын. Үлкен азамат болып өссін! – деп Бейсебай қарт бата берді. Сосын жанындағыларға бұрылып:

– Жә, не тұрыс, Жәуке, – деді оң жағындағы орта жастағы ер адамға, – жігітті біздің үйге апарып, сүйіншісін бер. Сусындап аттансын.

Осы мезетте Қасым төренің ауылында сәбидің дүниеге келуіне көмектескен кіндік шеше нәрестені қолына алып тұрып:

– Нәзігін-ай, өзі әлсіз. Тырбаңдаған құлыншағым, аман болсаң жарар еді. Дем алысың да баяу. Құдіреті күшті Алла тағала өзіне қайтарып алып қоймас па екен? – дей берді.

Бала күн өткен сайын ширап, буыны беки түсті. Қасым төренің жақын адамдарының бірі Шоқай би нәрестенің тіршілікке кенедей жабысқандығына қарап, Кенесары деп ат берді. Баланың мұндай жанкештілігін көргендер тағдырдың бір белгісі шығар десті. Іңгәлап жатқан жас сәби ертеңгі күні ұлы да ұлағатты тұлға боларын кім болжаған?

Жылдар өтіп жатты. Кенесарының бірбеткейлігі, ойлағанына жету үшін барын сала тырысып, ұстағанынан айрылмайтындығы, расымен-ақ, «кене» атына сай болатын.

Кенесары тек ойын баласы емес еді. Ол балуандардың күресін тамашалап, өнерін үйренетін. Ат құлағында ойнап, найзагерлігімен басқаларды таң қалдыратын. Әсіресе, ата-бабалары Шыңғыс хан тұқымы мен өткен күннің қас батырлары туралы аңыз-әңгімелерді тыңдағанды жақсы көретін. Жыршы-жыраулардың өз атасы Абылай жайындағы өлең-жырларын ынтамен тыңдап, ерліктеріне таң қалатын. Бәрінен бұрын оның кемеңгерлігіне, даналығына тәнті болатын.

Жаз жайлауда, Көкше маңында көшіп-қонып жүріп, Кенесары атамекенінің сұлу табиғатын тамашалап өсті. Әсіресе, қарны тойған қозылардың бір-бірін қуалап құлдыраңдағандары

қызық-ақ. Ұйлығысып тұрып-тұрып, аяқ асты біреуі селтен ете қалады, соның шалт қимылынан шошынған қошақандар дүркіресіп ары-бері жарысатын. Осындай бір күні Кенесары көкте қалықтап жүрген бүркіттің кенеттен шүйіліп келіп, қорғаныссыз қозыға түскенін көрді. Иттер абалап тұра ұмтылғанымен, тым кеш еді. Бүркіт жансыз қалған денені бүріп алып, көкке бір-ақ самғады. Үйге келген соң, әкесіне:

– Әке, сары бас саулықтың қозысын бүркіт алып кетті, – деп болған жайды айтып берді.

Әкесі ұлының басынан сипап, сәл ойланып отырды да:

– Балам, бұл табиғат заңы. Қашан да әлсізді әлді бүріп алып, аяқ асты қылғысы келеді. Көргеніңнен сабақ ала жүр. Тап осылай Ресей патшасы да бізді тақыр далаға айдап, өзі жайылым жерімізге жайғасып алмақшы.

Кенесарының әжесі Айғаным Уәли хан дүниеден өткеннен кейін әулеттің қариясы болып қалған. Әкесінің айтқаны ойынан кетпеген Кенесары әжесіне келіп:

– Әже, патшаға біздің жайылым неге керек? Оның өз жері аз ба? – деп сұрады.

– Көп, – деп жауап берді әжесі, – бірақ патшаның ашкөздігінде шек жоқ. Абылай атаң патшамен бейбіт өмір сүреміз деп келіскен болатын. Ал қазір біздің жерімізге қамалдар салып, Жайық жағасындағы шұрайлы жерлерді тартып алып жатыр. Ертіс пен Есіл өзендерін иемденіп те қойды. Қазір ел малын суғару үшін алыс жерлерге айдап баруға мәжбүр.

– Егер патша сөзінде тұрмаса, оны неге ешкім жазаламайды?

– Иә, патша уәдесін бұзды, сол үшін онымен күресу керек. Бірақ елді күреске бастайтын мен емеспін ғой, – деп күлді Айғаным. – Есейген кезінде патшаға қарсы тұратын сен боласың.

Тап осы сұрақтарды ол әкесіне де қоятын.

– Бейбіт сөйлесіп көру керек, – дейтін әкесі. – Білек күшіңе сенбе, алдымен ақыл таразысына салып, ойлан. Басқа шара қалмаса, сонда ғана қолға қару алу керек.

Әке сөздерін өнеге тұтқан Кенесары қиын күндер туа қалса, арқа сүйер ағаларымен бірге халқының ауыр тағдырын бөлісуге дайын болуды ойлады.



Осылайша уақыт сырғып өте берді. Кенесары әлжуаз баладан қапсағай жауырынды, кең иықты, балуан денелі ірі жігітке айналды. Оны ел тек күші мен ептілігі ғана емес, өткір, терең ақылы үшін де сыйлайтын. Орыс патшасы қазақ даласын түгелдей қол астына қаратып алғысы келген шақта Кене жиырма жасқа толған еді. Патша өзіне бодан болған елді біржолата тұралатып*, басшысыз қалдыру үшін қазақ хандарының хандық мәртебесін алып тастауға бұйрық шығарды.

Бұған Қасымның отбасындағылар қатты наразы болды.

– Шыңғыс хан үлкен мемлекеттің негізін қалап, көптеген халықтарды бағындырып, қол астына қаратты. Оны Қытай да, Ресей де мойындаған. Хандық тақ та, мына байтақ жер де – бізге ата-бабадан қалған мирас. Неге біз енді хандықты жоюымыз керек. Абылай хан Ресеймен бұлайша келіспеген. Патша бізге өз заңдарыңмен өмір сүресіңдер деп уәде еткен.

Бұл мәселе әулет мүшелерінің бәрін – бәйбіше балалары – Саржан, Есенгелді, Ағатай, Бопы, Құшақ, Кенесары және тоқал баласы Наурызбай сұлтандарды толғандырды. Ақсақалдар мен билер жиналып, елдің тағдыры жайында ақыл-кеңес құра бастады. Олардың біразы «бұдан артық күтуге болмайды, қолға қару алу керек» десе, енді біреулері «артын күтейік» деп сабырға шақырды.

– Бейбіт жолмен шешу керек, – деумен болды Қасым төре.

Қалай дегенмен де, қол бастап күреске шығу Абылай ханның отызыншы ұлы Қасым мен оның әулетіне жүктелмек. Олар қазақ мемлекеті мен хандық билікті жою туралы Ресей жоспарына әуел бастан қарсы болды.

– Орта жүздің тағына марқұм Уәли ханның мұрагері Ғұбайдулла сұлтанды отырғызу керек, – деген талап қойды.

Алайда Ғұбайдуллаға бұйырғаны бар-жоғы Көкшетау аймағының аға сұлтандығы болды. Патша өкіметінен күдер үзген ол Қытаймен астыртын келіссөз жүргізе бастады. Қытайлық елшілер сұлтанмен кездесуге жолға шыққан еді, оларды жолда жүзбасы Карбышевтің адамдары ұстап қалады. Мұны естіген Ғұбайдулла Қасым төре әулетінің қолдауымен халықты күреске бастайды.

* тұралау – азып-тозу, жұтау.







– Карбышев мырза, сіз тез арада Саржан, Сартай, Ғұбайдулла сұлтандарды іздеп табыңыз. Олар бізге кедергі жасап жүр. Сондықтан оңтайлы сәтті пайдаланып, бір-бірінен қашықта жүрген кезінде тұтқынға алыңыз. Жүзбасы мырза, ереуілшілердің басшыларын қолға түсіру маңызды екенін ұмытпаған боларсыз. Қытай императорының елшілерін ұстап, ерен ерлік көрсеткеніңіз жоғары бағаланды. Сол қырағылығыңыздан танбаңыз. Бұйрықты орындаңыз, – деп әмір етті.

Карбышев жазалау жорығы сәтті аяқталса, шенінің жоғарылайтынына сенді. Ол өзіне тапсырылған істің мемлекеттік маңызы бар екенін жақсы түсінді. Әрине, мұны жоғарыдағы басшылық та біліп отыр. Ереуілшілерге қарсы аттанатын екі жүз казактарға қосымша тағы да зеңбіректермен қаруланған жүз елу казак қосып бермек болды.

Көп ұзамай жорыққа аттанған жүзбасы Карбышев бастаған казактардың арнайы тобы Ғұбайдулла сұлтан орналасқан төңіректі торуылдады. Олар түн жамылып күтпеген жерден сұлтан қосына* шабуыл жасады. Ғұбайдулланы тұтқынға түсіріп, көп әскерден тұратын мықты күзетпен Омбы қаласына айдап әкеліп, түрмеге жапты. Осыдан кейін сұлтан есімі патша билігіне қарсы күрестің ұранына айналды. Енді Ғұбайдулланы қазақ даласына жақын маңда ұстау үлкен қауіп тудыратыны анық. Сол себепті ол алыс Сібірдегі Березов қаласына айдалып кете барды.

Ғұбайдулла тұтқынға түскеннен кейін көтерілісті Саржан сұлтан басқарды. Жас Кенесары әрдайым оның қасынан табылатын. Осы кезде ереуілшілерге қарсы таңдаулы екі жүз казактан тұратын жазалаушылар жасағы жіберіліп, оларға қосымша зеңбіректер берілген еді. Жазалаушылар Қарпық өңіріне бет алған.

1826 жылдың 31 қаңтарында казактар мен Саржан сұлтанның сарбаздары арасында шайқас болды. Нашар қаруланған ереуілшілер жан алысып, жан берісіп соғысқандарымен, олардың қатарлары біртіндеп сиреп, жеңіліске ұшырады. Қалай болғанда да, Орта жүз жерінің өне бойына жайылған тәуелсіздік үшін

* қосын – жауынгерлер тұратын жер.

жүргізген осындай күресті ешкім тоқтата алмады. Тоқтату мүмкін де емес еді.

Қолға түскен қазақ сарбаздары әскери сотқа тартылды. Ал Саржан сұлтанның соңына қуғын түседі. Осыдан кейін ол қол астына қараған ауылдарымен Орынбор маңына қарай қоныс аударады. Олар Троицк қаласына жақын жердегі Кидел-Қыпшақ болысында қыстап шығады. Әр ру, тайпалардан келген жігіттер ереуілшілер сапына қосылып, Саржанның қолы барған сайын көбейе түседі. Олардың арасында қазақ даласына пана іздеп келген өзге ұлт өкілдері де бар.

Бір күні саят құрып шыққан Кенесары қосыннан бірнеше шақырым жерде қар бетіне жаңа түскен ізді көреді. Бұл қазақтың да, казактың да етігінің табанына мүлде ұқсамайды. Кенесары сол ізбен жүре береді. Біраздан кейін ол сақал-мұрты өскен, өзі әбден шаршап-шалдыққан, аяғына шоқай* киген бір кісіні қуып жетеді. Кене оны қосынға алып келіп, Саржан сұлтанға жолықтырады.

– Сен кімсің? – деп сұрады сұлтан одан.

– Федор Серебренниковпын, – деп жауап берді ол. – Ертіс аймағының қашқын шаруасымын. Міне, пашпыртым**. Мен Саржан мен Ғұбайдулла батырларды іздеп жүрмін. Олар патшаға қарсы шықты деседі. Соғысу қолымнан келеді, зеңбірек те құя білемін. Егер сұлтандар әскеріне қосып алар болса, қызмет етуге әзірмін.

Саржан мен Кенесары бір-біріне қарады.

– Несі бар, – деді сұлтан, – қатарымызға қош келіпсің, бізге адамдар керек. Бұл жерде орыстар да аз емес.

Содан кейін есіктегі жасақшыларға бұрылып:

– Қатарымызға жаңа келген сарбазды тамақтандырыңдар. Үстіне киім, аяғына жақсы етік беріңдер, – деп бұйырды.

Келесі күні де қосынға бірнеше татар келіп қосылды. Осы жағдай сұлтандардың көңілін көтере түсті.

– Тамаша, – деді риза болған Саржан. – Адамдар санының көбейгені дұрыс. Бізге тәжірибелі, көпті көрген кісілер керек-ақ. Басқалардан үйренеріміз көп. Араларында қару жасап, оқ

* шоқай – тал қабығынан жасалған жеңіл аяқ киім.

** пашпырт – паспорт, төлқұжат.

құя алатындар болса, тіпті жақсы. Бізде қару-жарақ жағы әлі де болса тапшы.

Қаруланған жазалаушылар жасағымен мылтықсыз соғысу қиын еді. Сондықтан да Саржан өз елшілерін көрші мұсылман елдерге: Қоқан, Хиуа хандығына, Бұқар әмірлігіне қару сатып алуға аттандырып отырды.

Қазақ сұлтандарының патшаға қарсы соғысып жатқанын естіген Орта Азия билеушілері қуанып қалады. Өйткені көп ұзамай діндестерінің тағдыры өз бастарына да түсерін ойлап қорқып жүрген олар:

– Біз қазір қазақтарды қолдауымыз керек. Әйтпесе, ертеңгі күні патша қылышы бізге де жетер, – деген күдіктерін жасырмады. – Сұлтандарға қару, тіпті әскер беріп те жәрдем көрсету қажет. Әзірше елші жіберейік. Не, қалай екенін біліп, барлау жасап келсін.

Қосынға келген елшілер көп сөйледі, бірақ әңгіме барысынан олардың не шаруамен жүргенін түсіну қиынға соқты. Дегенмен бір қуанарлық нәрсе – олар өздерімен бірге қару-жарақ алып келген екен.

Тұс-тұстан аңдып, маза бермеген патша жасақтарының бассыздығы ереуілшілер қатарын көбейте түсті. Бұларға Қазақстанның орталық бөлігі (Арқа) мен солтүстік-шығысындағы қазақтар да қосыла бастады. Тап осы кезде Алтайдан үш жүз елу казактан тұратын жазалаушы жасақ шыққаны туралы хабар жетеді. Осыған дейін Саржан мен Есенгелді ағаларына көмек көрсетіп жүрген Кенесары:

– Жолды маған берші, күшімді сынап көрейін, – дейді Саржан сұлтанға.

– Иә, қазір ерте есейетін заман. Сөзіңнің жаны бар. Жас болсаң да қол бастап, соғысқа қатысып үйрене беруің керек шығар. Айтқаның болсын, бостандық байрағын көтеріп жорыққа аттан. Бірақ көзсіз ерлік жасап жүрме, – деп Саржан Кенесарыға батасын береді.

Алғашқы сын

Кенесары жалындап тұрған батыл жас жігіттермен бірге уақыт оздырмастан, қол бастап жүріп кетті. Бұл 1826 жылдың сәуір айы болатын. Біраз күннен кейін олар казактармен бетпе-бет кездесті. Казактардың санының көп емесін көрген ереуілшілердің алдағы жеңіске деген сенімдері артып, оларға қарсы ат басын қоя берді. Мұндайды күтпеген казактар сасқалақтап қалды. Шартпа-шұрт шайқас басталып кетті.

Кенесары жігіттері казактарға қарағанда нашар қаруланған еді. Сондат да болса, қазақтардың найзагерлері бірнеше казакты аттан түсіріп үлгерді. Жеңіске жету оңай емес екеніне көздері жеткен дұшпандар ат басын кейін бұрып, қаша жөнелді. Шайқас қызығына түсіп, елігіп алған сарбаздар арттарынан тұра қуды. Осы кезде күтпеген жағдай болды. Кенет казактардың бұрыла салып қайта шаппасы бар ма?! Сөйтсе, байқамаған екен, Кенесарының жасақтары қоршауда қалып қойыпты. Казактарға көмекке негізгі қол келіп жеткен көрінеді.

– Тақсыр, бұл арадан кетіңіз, – деп жанындағы жігіттер бірнеше рет өтінді. Кенесары оларды тыңдамады. Қайта шайқастың қызып тұрған ортасына кіріп кетті.

Бұл жан аяспас соғыс болды. Казактар жан-жақтан бастырмалата берді. Сұлтанدارын қорғау үшін жау қылышына кеуделерін тосқан сарбаздар бірінен соң бірі жер құшып жатты. Адамдарының қатары сиреп бара жатқанын көрген Кенесары шегінуге бұйрық берді.

Шейіт кеткен жолдастарының мәйіттерін жау қолына тастап кету қиын-ақ. Бірақ басқа амал жоқ. Кері қайтуға тура келді.

Кенесары сарбаздарының соңынан елу шақты казак құғынға түсіп, оқ атты. Қапылыста тағы да біраз жігіттер ат жалын құшты.





Жеңістің оңай келгеніне қуанған казактар алға қарай еміне түсті. Қарсыластардың арасы бірте-бірте жақындай берді. Казактардың аттары тың болғандықтан, бастырмалатып келеді. Осы кезде Кенесары тоқатай қалып, жігіттерін жауына қарсы соғысқа бастайды. Сарбаздар кейін қарай жалт бұрылып, аттарының басын арындатып қоя береді.

Шайқас қайта басталды. Алайда екі жақтың күші тең емес еді. Қазактар бірте-бірте қоршауға түсті. Айнала сатырсұтыр, шарт-шұрт, қарулардың шайнасқан үнінен құлақ тұнады. Казактардың ешкімді тірі жібермесі анық. Сонда Кенесары «Абылайлап» ұран тастады. Мұны естіген сұлтанның төлеңгіттеріне* қанат біткендей болды. Олардың тегеурінді соққысына төтеп бере алмаған казактар қаша жөнелді.

Қуғынның жалғасуынан сақтанған Кенесары қалған жігіттерін шайқас алаңынан аман әкетуге тырысты. Кеш бата аялдауға тура келді. Аттар болдырған, жігіттердің көбі жараланған. Кенесарының өзі де басының бес жерінен жарақат алған екен. Жігіттер жараларын таңып, аттарды тыңайту үшін демалуды ұйғарды. Біраз уақыт тыныққаннан кейін, бәрі қайта атқа қонды.

* төлеңгіт – қол астындағы жауынгерлері.

Сақтық Жасағанның сағы сынбас

Жайнаған қақтығыспен бірнеше жыл өтті. Дала әлі де аласапыран. Патшаға наразылардың саны көбейіп, олардың біразы Саржан сұлтанның қол астына кіріп жатты. Осындай жағдайлардың кең етек алуынан қорқып, мазасы кеткен патша үкіметі 1831 жылдың жазында Көкшетау қаласынан 500 солдаттан тұратын жазалаушы топ жібереді. Олар бейбіт жатқан Саржан ауылына шабуыл жасап, кімнің кім екенін ажыратпастан 450 адамды атып кетеді. Ондаған адамды тұтқынға түсіреді. Тұтқындардың арасында Саржанның баласы да бар болатын.

Жылап-сықтау, жоқтаудан дала күңіренді. Өшіккен халық алған бетінен қайтпады. Күрес өршіп, күшейе берді. Ереуілшілер сауда, керуен жолдарын түгелдей дерлік өз қолдарына алды. Тіпті саудагерлер мен көпестерге ақшалай не тауармен салық төлеп тұруды міндеттеді. Осы кезеңді бас пайдасына шешкісі келген патша үкіметі қазақтардың арасына іріткі салуды көздеді. Нәтижесінде патшаның қолдауымен ел ішінен сайланған аға сұлтандар Кене сарбаздарына қарсы қол жасақтай бастады. Сондай қақтығыстарда қаны, тегі бір бауырлар бір-біріне қол жұмсап, бір-бірінің қанын төгіп жатты.

Ереуілшілер де қарап жатпады. Орта Азиядан өздеріне жақтас іздеуді ойластырды. Осылайша Саржан сұлтан Қоқан хандығымен және басқа да шығыс елдерімен құпия түрде келіссөз жүргізе бастайды. Көп ұзамай Ташкентке барған Саржанды өзбектер қонақжайлықпен қарсы алады. Дастарқан неше алуан тағам түрлерінен қайысып тұр. Ташкенттіктер өздерінің байлығын көрсетіп, Саржан сұлтанды таң қалдырмақшы. Алайда оның іздеп келгені ас емес, жаумен соғысуға күш, көмек алу болатын. Сондықтан Саржан өзбектерден жәрдем беретін-бермейтіндіктері туралы бұлтақтатпай тура айтуын сұрайды. Мұны күтпеген Ташкент билеушілері сасқалақтап, ұзын арқан, кең тұсауға салып қашырта сөйлейді. Діндес бауырларына көмек қолын созуға әрдайым дайын екендерін айта келіп, өз шарттарын қояды.

Саржан сұлтан күшбегі* билігін мойындап, салық төлеп тұруға келіседі. Сонымен бірге Ресейдің қол астына қараған ауылдарды шауып, әсіресе, сатқын Қоңырқұлжа Құдаймендинді қолға түсіріп, ауылын ойран етпекші болады.

Тап осы кезде подполковник Қоңырқұлжа Ресей астанасынан елге оралып келе жатқан еді. Табақтай майлы бетіндегі тышқан көздерін сығырайтып, өзін патшаның қалай қарсы алғанын есіне түсіріп мез. Қалтасында сыңғырлап жатқан теңгелер де патшаның сыйы. Тіпті ең бастысы ақша емес, шапанының өңірінде жылтыраған алтын медальді айтсайшы. Жылт-жылт етіп күнге шағылысқан алмас тастар патшаның ризалығын алуға барын салып, қожайынына бұралқы иттей қызмет еткен сатқынның жүрегін жылытып келеді. Осындай мамыражай көңілмен үйге келген Қоңырқұлжа туыстарын жиып, өзінің патша ағзамның қабылдауында болғаны жайлы айта бастайды. Алтын медальға қызғанышпен көз тігіп отырғандарды көрген ол одан әрмен маңғазданып, танауын көкке көтере түсті. Алайда бұл қуаныш ұзаққа бармай Қоңырқұлжаның қарамағындағы ауылдарды жау шапты деген хабар жетеді.

1832 жылдың 14 наурызы. Сұлукөл маңына жиналған 400 ереуілші Ресей билігін қолдаушы ауылдардың 1600 бас жылқысын барымталап айдап кеткен. Бұған үкімет** басындағылардың зығырданы қайнады. Кек алу мақсатында ірі қарулы топ жасақтап, 24 наурызда шайқасқа шықты. Саржан сұлтанның сарбаздары бораған оқтың астында қалған. Ереуілшілердің қолында қару өте аз болатын, оның өзі ескіден қалған шиті мылтықтар еді. Мұндай шабуылға төтеп бере алмаған көтерілісшілер шегінуге мәжбүр болды. Кенесары осы кезде өмірдің ылғи да жеңістен тұрмайтынын, ерге лайық жеңіле білу де қажет екенін түсінді.

Әскери өнерді Кенесары Саржан сұлтаннан үйренген болатын. Саржан көзсіз ерлікті қолдамайтын, ақыл таразысына салып, алдын болжағанды жөн көретін. Аңысын аңдап***, кез келген уақытта оқыс жағдайларға даяр болу керек дейтін. Өзі де ерттеулі атын үнемі белдеуде байлаулы ұстаған.

*күшбегі – Қоқан хандығында қазақтардан салық жинау үшін тағайындалған әмір, салық жинаушы.

**үкімет – мемлекеттік басқару органы.

***аңысын аңдау – істің бет алысын, ыңғайын байқау.

Көп кешікпей Саржан сөзінің шындығына Кененің көзі жетті. Ол оқиға былай болған. Ереуілшілердің сақтанып, аяқтарын аңдап басатынын түсінген Карбышев: «Ендеше мен де оларды айла-тәсілмен алайын. Саржанның көші-қонын біліп алып, қолға түсіру керек», – деп шешті. Сөйтіп Қоңырқұлжаның адамдарын жансыз етіп жан-жаққа жіберді. Көп ұзамай олардың бірі маңызды хабар жеткізеді.

– Ә, мінекей, бұл жақсы, – деді разы болған жүзбасы алақанын ысқылап. – Аяқ асты сап ете қалып, Саржанды бүкіл отбасымен тұтқынға алсам, шенім де жоғарылайды, медаль да беріп қалар.

– Әй, басурман, – деді хабар алып келген адамға, – Сен сұлтанның аулына қалай жақындауды білесің бе?

– Әрине, – деді ол ыржиып, – білемін, алып та бара аламын.

– Жарайсың, – деп мақтап қойды жүзбасы. – Егер сәті түсіп, жолымыз болып жатса, сенің қызметіңді ұмытпаймын. Әлі-ақ шалқып өмір сүретін боласың.

Казактар түнделетіп жолға шықты. Тысырын шығармай біраз уақыт жүрді. Кенет Қоңырқұлжа сарбаздарының бірінің аты кісінеп қоя берді. Осы кезде алыстан бірнеше аттың шұрқырасып қалғандары да құлаққа жетті.

– Бұл не? – деді жүзбасы жолбасшыға.

– Бұл Саржанның жылқылары.

– Тоқтаңдар! – деп бұйырды Карбышев. – Аттарыңның тұяғына аяққап кигізіңдер. Алдымен сұлтанның жылқыларын айдап әкетейік. Ол жаяу алысқа қаша қоймас.

Аттарының аяғына жылдамдатып киіз қап байлап алған казактар жылқы үйірін қоршай бастады. Карбышев ысқырып қалып еді, бәрі қиқуласып алға ұмтылды. Барымташылар деп ойлаған қамсыз жылқышылар бұлардың алдын кес-кестей шапты. Орталарында бір ғана қарт жылқышы бар, қалғандары балаң жігіттер. Не болғанын бағамдап үлгерместен бәрі де найза ұшына ілініп кете барды.

Жылқыны күзетуге бірнеше адам қалдырған Карбышев ары қарай жылжыды. Бұлар таң сібірлей діттеген жерлеріне де келіп жетті. Дыбырын білдірмей келіп ауылды қоршай бастаған казактарды қарауыл жігіттер байқап қалып, аттандап қоя бере-